

- қосымша

Қазақстан Республикасы
Оқу - ағарту министрлігінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№ 399 бұйрығына
2-қосымша

Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «Ана тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде)

Түсінік хат

Оқу бағдарламасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы № 12 бұйрығымен бекітілген бастауыш және негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес әзірленген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 35670 болып тіркелген).

«Ана тілі» оқу пәнінің мақсаты: білім алушының оқу мен жазу дағдыларын жетілдіру, әдеби және тілдік білімнің алғашқы негіздерін меңгерту, жеке тұлға ретінде дамыту.

Міндеттері:

- 1) тыңдалым, айтылым әрекеттері арқылы сөз өнеріне баулу;
мәтінді дұрыс оқу, түсініп оқу, мәнерлеп оқу, шапшаң оқу дағдыларын қалыптастыру;
тілдік білімнің алғашқы негіздерін меңгерту;
- 4) құндылықтарға негізделген мазмұндық концептілер (адам, ар-ұждан, намыс, отбасы, Отан, тіл, мәдениет, білім, еңбек, табиғат) негізінде ана тіліне, Отанына, туған еліне, оның мәдениеті мен салт-дәстүріне деген сүйіспеншілігін арттыру, рухани-адамгершілік қасиеттерін дамыту;
- 5) бастапқы жазу нормаларын сақтап, сауатты жазуға дағдыландыру;
- 6) көркем жазу дағдыларын дамыту;
- 7) мәтінмен жұмыста дереккөздерді пайдалана білуге машықтандыру;
- 8) жеке тұлғалық қасиеті мен әлеуетін ашу;
- 9) оқыту процесінде ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескеру;
- 10) физиологиялық ерекшеліктерін ескеру және санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау.

Бағдарлама құрылымы мен мазмұны А. Байтұрсынұлының мынадай ұстанымдары негізінде айқындалды, олар оқулық жазуда басшылыққа алынады:

- 1) оңайдан қиынға, жеңілден күрделіге өту;
- 2) білімді тәжірибе арқылы өздігінен алу.

1-параграф. Оқу процесін ұйымдастыру

«Ана тілі» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі аптасына 5 сағатты, II жартыжылдықта барлығы 85 сағатты құрайды.

2. Білім мазмұны Стандарт талаптарына сай құндылықтарға негізделген тәрбиелік, білімдік және дамытушылық мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталады.

3. «Ана тілі» оқу пәні бойынша оқу процесі оқу мақсаттарына және білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастырылады.

4. Оқу процесінде білім алушының пәндік құзыреттіліктерін, функционалдық сауаттылығын, тілдік дағдыларын дамыту шығармашылық жұмыстар, зерттеушілік іс-әрекеттер мен ойын арқылы іске асырылады.

5. «Ана тілі» оқу пәнінің мазмұны психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың ұсынымдарына сәйкес ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар үшін олардың мүмкіндіктерін ескере отырып бейімделеді.

2-параграф. Оқу пәнінің мазмұны

6. Оқу пәнінің мазмұны:

- 1) негізгі тілдік бірліктерден (мәтін, сөйлем, сөз, буын, дыбыс);
- 2) қазақ тілі бойынша қарапайым фонетикалық және грамматикалық дағдылардан;
- 3) орфоэпиялық, орфографиялық, пунктуациялық нормалардың қарапайым түсініктерінен;
- 4) балаларға арналған көркем мәтіндерден (ауыз әдебиеті мен көркем әдебиет) құралады.

«Ана тілі» оқу пәнінің базалық білім мазмұны.

Тыңдалым және айтылым:

1) тыңдалым материалының мазмұнын түсіну; сұраққа дұрыс әрі нақты жауап беру; сөз мағынасын түсіну; сөзді дұрыс қолдана білу; сөз әдебін сақтай отырып, өз ойын айта алу;

2) сөйлеу барысында ым-ишара, қимылды қолдану; сөз сазын (ырғақ, екпін, әуен, қарқын, кідіріс) сақтау; ертегі айту; өлең, санамақ, мақал-мәтел, жаңылтпаш, жұмбақты жатқа айту;

3) орфоэпия: сөзді үндестік заңына сәйкес айта білу; жаңылтпаш айта білу, ойын жаттығуларын орындай алу;

4) сөздік қорын байыту, сөздерден сөйлем, сөйлемдерден шағын мәтін құрау;

5) тыңдалым материалын мазмұндау, сюжетті суреттер бойынша әңгіме құрау; тақырыбы мен иллюстрациясы бойынша мәтіннің мазмұнын болжау, көрген-білгені, естігені туралы әңгімелеу;

6) сөйлеу барысында (әңгімелесу, әңгімелеу, пікір алмасу, сахналау, рөлдік ойындар) сөз әдебіне үйрену.

Оқылым:

1) сөздің мағынасын, сөйлемде айтылған ойды түсіну;

2) сөйлемді, мәтінді дауыстап оқу; мәнерлеп, түсініп оқу, мұғалімнің қолдауымен мәтіннен қажет ақпаратты тауып оқу;

3) айтылу мақсатына қарай сөйлемнің интонациясын (хабарлы, лепті, сұраулы) сақтап оқу;

4) сөздерді оқу барысында дыбыс үндестігін сақтау;

5) сөздердің мағынасын (мәндес; мағынасы қарама-қарсы; айтылуы бірдей, мағынасы әртүрлі сөздер) ажырату, сөздік қорын байыту;

6) мәтін тақырыбын «Кім (не) туралы?» деген сауалдар арқылы анықтау, оқылған мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру;

7) оқыған мәтіні бойынша өз ойын, алған әсерін білдіру;

8) әліпби ретімен құрылған дереккөздерден (суретті кітап, сөздік, анықтамалық, энциклопедия) мұғалімнің қолдауымен қажетті ақпараттарды табу;

9) сурет, сызба түрінде берілген ақпаратты түсіну.

Ескерту: көркем шығарма көлемі – 45-65 сөз, ғылыми-танымдық мәтін көлемі – 20-30 сөз.

II жартыжылдықтың соңында оқу жылдамдығының нормасы: минутына 25-30 сөз; шылау, одағай, еліктеу сөздер, қос сөздер жеке сөз ретінде саналады.

Балалар әдебиетінен (ауыз әдебиеті мен көркем әдебиет) Отан, туған жер, ар-ұждан, намыс, отбасы, тіл, мәдениет, білім, еңбек, табиғат туралы тілі жеңіл мәтіндер беріледі.

Жазылым:

1) әріптерді талапқа сай көркем жазу; әріптерді бір-бірімен дұрыс байланыстырып, үздіксіз әрі үзбей (ырғақты) жазу;

2) әр сөйлемнің бас әріптен басталатынын, сөйлем ішіндегі сөздердің бөлек жазылатынын, сөйлемнің соңына тыныс белгі қойылатынын білу, қолдану;

3) көшіріп жазу және есту, есте сақтау арқылы сөздерді (7-10 сөз), жай сөйлемдерді (3-4 сөйлем) жатқа жазу, жазғанын үлгіге қарап тексеру;

4) сөздерден сөйлем, сөйлемдерден шағын мәтін құрау;

5) сауатты және көркем жазуға дағдылану;

6) заттың атын, сынын, санын, қимылын білдіретін сөздерді дұрыс қолдану;

7) бас әріппен жазылатын сөздерді (кісі аттары, жер-су атаулары, үй жануарларына арнайы қойылған аттар) ажырату, дұрыс жазу;

8) сөйлеу барысында жалғауларды дұрыс қолдана білу;

9) мұғалімнің қолдауымен сөзді тасымалдау.

Ескерту: 2-жартыжылдық бойынша жазба жұмыстарының көлемі: сөздік диктант – 6-7 сөз, диктант – 15-20 сөз, мазмұндама – 20-25 сөз, мәтінді көшіріп жазу – 10-20 сөз, шығармашылық мәтін – 3-4 сөйлем (10-15 сөз). Жазба жұмыстарының санын мұғалім білім алушылардың меңгеру деңгейі мен қажеттілігіне орай белгілейді. Жазба жұмыстарын күнделікті жүйелі ұйымдастыру ұсынылады.

3-параграф. Оқу пәні бойынша күтілетін нәтижелерге бағдарланған оқу мақсаттары

8. Оқу бағдарламасында оқу пәнінің мазмұнын меңгертуде білім алушылардың пәндік құзыреттіліктерін, функционалдық сауаттылығын, тілдік дағдыларын дамыту оқу мақсаттарының жүйесінде қарастырылады.

Оқу мақсаттары бөлім бойынша берілген:

тыңдалым және айтылым:

Бөлімшелер	Оқу мақсаттары
1.1 Тыңдалым материалы арқылы бастапқы тілдік ұғымдарды түсіну	1.1.1.1 мәтін, сөйлем, сөз, буын, дыбыс туралы бастапқы тілдік ұғымдарды түсіну
1.2 Тыңдаған материалды мазмұндау	1.1.2.1 көмекші құралдар (тірек сызба, сюжетті сурет) арқылы оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау
1.3 Оқиғаны болжау	1.1.3.1 тақырыбы мен иллюстрациясы бойынша мәтіннің мазмұнын болжау
1.4 Коммуникативтік қатынаста тілдік нормаларды дұрыс қолдану	1.1.4.1 коммуникативтік қатынаста сөз әдебін (сәлемдесу, алғыс білдіру, кешірім сұрау, өтініш айту, рұқсат сұрау, қоштасу) дұрыс қолдану
1.5 Тыңдаушының назарын аудару	1.1.5.1 сөйлеу барысында дауыс ырғағын, екпін, әуен, қарқын, кідірісті сақтау, ойды ым-ишара, қимыл арқылы жеткізу
1.6 Тыңдаған материал бойынша өз ойын айту	1.1.6.1 тыңдалым материалына қатысты өз ойын білдіру
1.7 Берілген тақырып бойынша әңгіме құру	1.1 берілген тақырып және тірек сөздер арқылы шағын әңгіме құру; 1.1.7.2 сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құру
1.8 Сөздерді орфоэпиялық нормаға сәйкес айту	1.1.8.1 сөздерді үндестік заңына сәйкес дұрыс айту

оқылым:

Бөлімшелер	Оқу мақсаттары
2.1 Оқу түрлерін қолдану	оқу түрлерін (дұрыс оқу, түсініп оқу, шапшаң оқу, мәнерлеп оқу) қолдану
2.2 Мәтіннің тақырыбы мен негізгі ойын анықтау	1.2.2.1 мұғалімнің көмегімен мәтінде кім (не) туралы айтылғанын анықтау
2.3 Мәтіннің құрылымдық бөлігін анықтау	1.2.3.1 мұғалімнің көмегімен ауыстырылып берілген мәтін бөліктерін өз орнына қою
2.4 Мәтіндегі сөздердің мағынасын түсіну	1.2.4.1 мұғалімнің көмегімен сөздердің мағыналарын (мәндес; мағынасы қарама-қарсы; айтылуы бірдей, мағынасы әртүрлі) ажырату
2.5 Мәтіннің мазмұны бойынша сұрақ қою, жауап беру	1.2.5.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің\сюжетті суреттің мазмұны бойынша сұрақ қою, сұраққа жауап беру
2.6 Мәтіннің жанрын анықтау	1.2.6.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің жанрын (жаңылтпаш, жұмбақ, мақал-мәтел, өлең, әңгіме, ертегі) ажырату
2.7 Түрлі дереккөздерден қажет ақпаратты алу	1.2.7.1 мұғалімнің көмегімен дереккөздерден (сөздік, анықтамалық, суретті кітапша, энциклопедия) ақпарат табу

жазылым:

Бөлімшелер	Оқу мақсаттары
3.1 Жоспар құру	1.3.1.1 мәтін бөліктерін анықтап, жоспар құру
3.2 Мазмұндама жазу	1.3.2.1 мұғалімнің көмегімен мазмұндама жазу
3 Түрлі мәтіндер құрау	3.1 мұғалімнің көмегімен хат, құттықтау хат жазу
4 Қатені табу, түзету	4.1 мұғалімнің көмегімен сөз, сөйлем, мәтінді тексеру, қатені түзету
5 Көркем жазу талаптарын сақтау	5.1 жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу талаптарына сай жазу

тілдік норманың қолданысы:

Бөлімшелер	Оқу мақсаттары
4.1 Орфографиялық дағдылар	1.4.1.1 айтылуы мен жазылуы бірдей сөздерді көшіріп және есту/есте сақтау арқылы жазу; 1.4.1.2 мұғалімнің көмегімен сөзді дұрыс тасымалдауды, тасымалданбайтын сөздерді білу; 1.4.1.3 кісі аттары, жер-су аттары, жануарларға арнайы қойылған атауларды бас әріппен жазу

4.2 Фонетикалық дағдылар	1.4.2.1 дыбыстың айтылу артикуляциясын таныту, дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату; 1.4.2.2 дауысты дыбыстардың жуан, жіңішке болып бөлінетінін түсіну
4.3 Грамматикалық дағдылар	1.4.3.1 заттың атын, қимыл-әрекетін, сынын, санын білдіретін сөздерді ажыратып, орынды қолдану
4.4 Пунктуациялық дағдылар	1.4.4.1 сөйлемді бас әріптен бастап жазып, соңына тиісті тыныс белгіні қою

Оқу мақсаттары кодпен белгіленеді. Кодтық белгідегі бірінші цифр сыныпты, екінші және үшінші цифрлар бөлім мен бөлімшені, төртінші цифр оқу мақсатының реттік нөмірін көрсетеді. Мысалы, 1.2.1.1 кодында: «1» сынып, «2» бөлім, «1» бөлімше, «1» оқу мақсатының реттік саны.

10. Бөлімді және тақырыптарды оқытуға арналған сағат санын педагог бөледі.

11. Осы оқу бағдарламасы Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған «Ана тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес іске асырылады.

**4-параграф. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-сыныбына арналған
«Ана тілі» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру
жөніндегі ұзақ мерзімді жоспары (оқыту қазақ тілінде)**

Тыңдалым және айтылым	Оқылым	Жазылым	Тілдік норманың қолданысы
3-тоқсан			
1.1.1.1 мәтін, сөйлем, сөз, буын, дыбыс туралы бастапқы тілдік ұғымдарды түсіну; 1.1.2.1 көмекші құралдар (тірек сызба, сюжетті сурет) арқылы оқиғаның ретін сақтай отырып баяндау; 1.1.3.1 тақырыбы мен иллюстрациясы бойынша мәтіннің мазмұнын болжау;	оқу түрлерін (дұрыс оқу, түсініп оқу, шапшаң оқу, мәнерлеп оқу) қолдану; 1.2.2.1 мұғалімнің көмегімен мәтінде кім (не) туралы айтылғанын анықтау; 1.2.3.1 мұғалімнің көмегімен ауыстырылып	1.3.1.1 мәтін бөліктерін анықтап, жоспар құру; 1.3.2.1 мұғалімнің көмегімен мазмұндама жазу; 1.3.3.1 мұғалімнің көмегімен хат, құттықтау хат жазу; 1.3.4.1 мұғалімнің көмегімен сөз,	1.4.1.1 айтылуы мен жазылуы бірдей сөздерді көшіріп және есту/ есте сақтау арқылы жазу; 1.4.2.1 дыбыстың айтылу артикуляциясын таныту, дауысты және дауыссыз дыбыстарды ажырату; 1.4.2.2 дауысты дыбыстардың түрлерін (жуан, жіңішке) білу;

1.1.4.1 коммуникативтік қатынаста сөз әдебін (сәлемдесу, алғыс білдіру, кешірім сұрау, өтініш айту, рұқсат сұрау, қоштасу) дұрыс қолдану; 1.1.5.1 сөйлеу барысында дауыс ырғағын, екпін, әуен, қарқын, кідірісті сақтау, ойды ым-ишара, қимыл арқылы жеткізу; .1 берілген тақырып және тірек сөздер арқылы шағын әңгіме құру	берілген мәтін бөліктерін өз орнына қою; 1.2.4.1 мұғалімнің көмегімен сөздердің мағыналарын (мәндес; мағынасы қарама-қарсы; айтылуы бірдей, мағынасы әртүрлі) ажырату; 1.2.5.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің / сюжетті суреттің мазмұны бойынша сұрақ қою, сұраққа жауап беру; 1.2.6.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің жанрын (жаңылтпаш, жұмбақ, мақал-мәтел, өлең, әңгіме, ертегі) ажырату; 1.2.7.1 мұғалімнің көмегімен дереккөздерден (сөздік, анықтамалық, суретті кітапша, энциклопедия) ақпарат табу.	сөйлем, мәтінді тексеру, қатені түзету; 1.3.5.1 жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу талаптарына сай жазу	1.4.1.2 мұғалімнің көмегімен сөзді дұрыс тасымалдау және тасымалданбайтын сөздерді білу; 1.4.4.1 сөйлемді бас әріптен бастап жазып, соңына тиісті тыныс белгіні қою
4-тоқсан			
1.1.3.1 тақырыбы мен	1.2.1.2 оқу түрлерін (дұрыс	1.3.1.1 мәтін бөліктерін	1.4.1.1 айтылуы мен жазылуы бірдей

иллюстрациясы бойынша мәтіннің мазмұнын болжау; 1.1.4.1 коммуникативтік қатынаста сөз әдебін (сәлемдесу, алғыс білдіру, кешірім сұрау, өтініш айту, рұқсат сұрау, қоштасу) дұрыс қолдану; 1.1.5.1 сөйлеу барысында дауыс ырғағын, екпін, әуен, қарқын, кідірісті сақтау, ойды ым-ишара, қимыл арқылы жеткізу; 1.1.6.1 тыңдалым материалына өз ойын білдіру; сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құру; 1.1.8.1 сөздерді үндестік заңына сәйкес дұрыс айту	оқу, түсініп оқу, шапшаң оқу, мәнерлеп оқу) қолдану; 1.2.2.1 мұғалімнің көмегімен мәтінде кім (не) туралы айтылғанын анықтау; 1.2.3.1 мұғалімнің көмегімен ауыстырылып берілген мәтін бөліктерін өз орнына қою; 1.2.5.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің / сюжетті суреттің мазмұны бойынша сұрақ қою, сұраққа жауап беру; 1.2.6.1 мұғалімнің көмегімен мәтіннің жанрын (жаңылтпаш, жұмбақ, мақал-мәтел, өлең, әңгіме, ертегі) ажырату; 1.2.7.1 мұғалімнің көмегімен дереккөздерден (сөздік, анықтамалық, суретті кітапша,	анықтап, жоспар құру; 1.3.1.2 мұғалімнің көмегімен мазмұндама жазу; 1.3.3.1 мұғалімнің көмегімен хат, құттықтау хат жазу; 1.3.4.1 мұғалімнің көмегімен сөз, сөйлем, мәтінді тексеру, қатені түзету; 1.3.5.1 жазу жолын, жоларалықты, жолдың жоғарғы және төменгі сызықтарын сақтап, әріп элементтерін, әріптердің бір-бірімен байланысын көркем жазу талаптарына сай жазу	сөздерді көшіріп және есту/есте сақтау арқылы жазу; 1.4.3.1 заттың атын, қимыл-әрекетін, сынын, санын білдіретін сөздерді ажыратып, орынды қолдану; 1.4.1.3 кісі аттары, жер-су аттары, жануарларға арнайы қойылған атауларды бас әріппен жазу
--	--	--	---

	энциклопедия) ақпарат табу		
--	-------------------------------	--	--

Ескерту: білім алушылардың қажеттілігін ескере отырып, әр сабаққа 3-4 оқу мақсаты, оның ішінде біреуі жетекші мақсат ретінде алынады.

ЖОБА